

Диссертациялық кеңестің 2024 жылғы жұмысы туралы есебі

Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің жанындағы 8D015 – Жаратылыстану-ғылыми пәндер бойынша педагогтарды даярлау (8D01503 – Информатика педагогін даярлау) бағыты бойынша диссертациялық кеңес 2024 жылғы 01 ақпанынан бастап жұмыс жасайды.

1. Өткізілген отырыстар саны туралы деректер.

Диссертациялық кеңес 2 отыр өткізді, оның 1-еуі ұйымдастырушылық сипатта (хаттама №1, 30.05.2024ж.), 1-еуі диссертацияны қорғауға (хаттама №2, 3.07.2024ж.) арналған.

2. Отырыстардың жартысынан азына қатысқан диссертациялық кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) – жоқ.

3. ЖЖОКБҰ көрсетілген докторанттар тізімі:

Белесова Д.Т. - Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті.

4. Есепті жыл ішінде Кеңесте қараған диссертациялардың келесі бөлімдерін бөліп көрсете отырып, қысқаша талдау:

1) қаралған жұмыстардың тақырыптарын талдау;

Д.Т.Белесованың диссертациялық жұмысы бастауыш сынып оқушыларын программалауға оқытудың ғылыми-әдістемелік зерттеулеріне арналған. Зерттеу жұмысы бастауыш сынып оқушыларының есептік ойлауын дамытуға негізделген.

2) диссертация тақырыбының "Ғылым және технологиялық саясат туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия айқындаған ғылымды дамытудың басым бағыттарымен және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы;

Диссертациялық жұмыс ғылымды дамытудың басым бағытына сәйкес келеді. 4. Елдің зияткерлік әлеуеті. Білім беру және ғылым саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер.

Диссертациялық жұмыс ҚР БҒМ, Ғылым Комитетінің гранттық қаржыландырылған ғылыми жобасының «AP09260464 - Smart-білім беру жағдайында «Scratch» және «Робототехника» курстары бойынша бастауыш мектепте ақпараттық білім беру ортасын әзірлеу» жобасы аясында орындалған.

3) диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке ену деңгейін талдау.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы бастауыш сынып оқушыларын программалауға оқытуға арналған ақпараттық білім беру ортасы жасалынды, «Scratch программалау ортасы» курсы әзірленді, оқыту нәтижелерін өлшеу мен бақылау, зерттеу және пайдалану әдістері анықталды, білім беру ресурстарын қамтитын құралдар кешені әзірленді және олар оқу процесіне ендірілді.

«Scratch программалау ортасы» курсының мысалында бастауыш сынып оқушыларын программалауға оқыту әдістемесінің тиімділігі тәжірибе жүзінде тексеріліп, сынақтан өткізілді. Зерттеу нәтижелері зерттеу болжамдарына сәйкестігін көрсетумен расталды.

5. Ресми рецензенттердің жұмысын талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып).

Диссертациялық жұмыс бойынша рецензенттер диссертация мен жарияланымдарды зерделеу негізінде жан-жақты талдау жүргізді және диссертациялық Кеңес туралы үлгілік ереженің 5- қосымша нысанына сәйкес құзыретті пікірлер ұсына отырып, өздерінің жоғары кәсібилігін көрсетті.

Ресми рецензенттер:

1) Сагимбаева Айнур Есенгазыевна - педагогика ғылымдарының докторы, профессор Абай атындағы ҚазҰПУ (Алматы қ., Қазақстан), (мамандық шифры: 13.00.02).

2) Исабаева Даража Нагашыбаевна - педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Алматы Менеджмент Университеті (Алматы қ., Қазақстан), (мамандық шифры: 13.00.02).

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар:

1. Жас ғалымдарға арналған гранттар мен стипендияларды көбейту.

2. Жас ғалымдардың ғылыми мақалаларын жариялау үшін арнайы журналдар мен платформалар құру.

7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алуға арналған диссертациялардың кадрларды даярлау бағыты бөлінісіндегі саны:

1) қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттарының):

Қорғауға қабылданған диссертациялар – 1;

2) қараудан алып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттарының) - жоқ;

3) ресми рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттарының) – жоқ;

4) қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттарының) – жоқ;

5) пысықтауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттарының) – жоқ;

6) қайта қорғауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖЖОКБҰ докторанттарының) – жоқ.

Диссертациялық кеңестің төрағасы _____ Ибашова А.Б.

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы _____ Бостанов Б.Г.

26.12. 2024 ж.

